


Қазақстандағы 2015-2020 жж. балаларға және олардың отбасыларына арналған әлеуметтік қорғау жүйесін бағалау



unicef 
әрбір бала үшін

Мәселенің ауқымы



Бұл бағалау неліктен маңызды?



2018 жылы Қазақстан Үкіметі, нақтырақ айтқанда – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі өзінің балалар мен отбасыларға арналған әлеуметтік көмек жүйесін реформалау процесіне кірісті. Көмекпен қамтуды, өлшем сәйкестігі мен кедейлікпен күреске аударымдарды таргеттеу тиімділігін қосымша жақсарту үшін, кедейлікпен күресуге арналған атаулы әлеуметтік көмектің (АӘК) негізгі бағдарламасы содан бері көптеген түзетулер мен реформалардан өтті. Ресурстардың оған аса мұқтаж жандарға көбірек тиюін кепілдендіру мақсатында, сондай-ақ қолма-қол және әлеуметтік қызметтер арқылы жасалатын көмек арасындағы үйлестірілу мен интеграцияны нығайту жолымен тұрмысы нашар және кедей отбасылар үшін үш негізгі артықшылық – әлеуметтік мемлекеттік жәрдемақы, балаларға мемлекеттік көмек пен АӘК – реформа арқылы АӘК-ке интеграциялардырылды. Бұдан басқа, шартты жұмысқа орналастырудың қоғамдық келісімшарт негізінде еңбекке қабілетті АӘК алушылардың жұмыспен қамту бағдарламаларына міндетті түре қатысуымен байланысы енгізілді.



Ұсынылған реформаны ЮНИСЕФ-тің жетекшілігімен бағалау нәтижелері реформаланған ақша аударымдары схемаларынан көптеген табысы төмен немесе кедей балалардың шығып қалуы тәуекелін баса көрсетті. 2018 жылдың аяғына қарай атаулы әлеуметтік көмек бағдарламасының алушылары арасындағы балалар саны елеулі түрде төмендеп кетті, бұл қайта қаралған АӘК оны алушыларды жоспарланғандай қабылдай алмады деген қорытындыға әкеледі. Егер кеңірек алатын болсақ, балалар мен олардың отбасыларына арналған атаулы көмектің алаңдатушылық тудыруы жалғасуда, сонымен бірге бірнеше зерттеу әлеуметтік көмекке қолжетімділікті шектейтін әкімшілік және саяси факторларды бөліп көрсетеді.



Балалар мен олардың отбасылары базалық қызметтер мен әлеуметтік қорғау қызметтеріне жүгінген кезде басым кедергілерге кезігетінінің дәлелдерін ескере отырып, ЮНИСЕФ-тің Қазақстандағы өкілдігі Экономикалық саясатты зерттеу институтына (EPRI) Қазақстан Республикасындағы балалар мен олардың отбасыларын әлеуметтік қорғау жүйесіне формативті бағалау жүргізуді тапсырды. Талдаудың мақсаты Қазақстанда балалар мен отбасылардың әл-ауқатына отбасылар мен балаларға бағытталған саясаттар мен ақша аударымдары бағдарламалары қандай дәрежеде үлес қосатынын бағалау және базалық әлеуметтік қызметтерге қолжетімділіктің шектелуі мен балалар құқықтарының толық іске асырылуына кедергі жасайтын факторларды аударымдар қандай дәрежеде азайтатынын тексеру болды. Ағымдағы COVID-19 пандемиясы жағдайында сонымен қатар дағдарыстың белгілі бір әлеуметтік-экономикалық салдарын балалы отбасылардың еңсеруіне ақшалай аударымдар қандай дәрежеде көмектескені де талдау кезінде зерттелді.

Зерттеу әдістемесі



Бірінші реттік сапалы деректерді жинауға төрт өңірде – **Астана, Қызылордада, Түркістанда және Батыс Қазақстанда** ұлттық деңгейде саясаткерлерден және жергілікті деңгейде атқарушы органдардан негізгі ақпараттық сұхбат (НАС) алу кірді.



Барлығы **30 НАС** жүргізілді.



Бұл төрт өңірде АӘК бағдарламасы бойынша көмек алушылармен **100 сұхбат** жүргізілді.

Негізгі қорытындылар



Өзектілігі: Талдау балалар мен отбасыларға әлеуметтік көмектің реформалары балалы отбасылардың, соның ішінде ең осал және кедей отбасыларының мұқтаждықтары мен үміттеріне тек жартылай ғана сәйкес келетіндігін айқындады.



Тиімділігі: Таргеттеу мен талаптарға сәйкестік критерийлеріндегі өзгерістер отбасылар үшін көмекке қолжетімділік тұрғысынан қосымша шектеулер тудырды, бұл әлеуметтік көмектің барлық мұқтаж балалар мен отбасыларды қамту бойынша тиімділігін төмендетеді.



Пәнменділігі: Реформалар жүргізілгенімен, 2015-2019жж. кезеңінде АӘК-ті табыс квинтиліне сәйкес бөлудің пәрменділігі төмендеді. Бағдарламаның көмек алушыларды бағдарламадан шығару және оған қосу бойынша салыстырмалы түрдегі жоғары қателіктері сақталып отыр (2019 ж. тиісінше 81,7 және 94%). АӘК кедейліктің өсу үдерісін нивелирлеген жоқ, өйткені көмек алушылар саны 2017 жылдан бері артқанымен, осал топтардағы кедейлердің пайыздық үлесінің артуы жалғасты.



Әсерлері: Қайта қаралған АӘК негізінен көмек алушыларға олардың базалық қажеттіліктерін қанағаттандыруға көмектесті, бірақ балалы отбасылардың балалардың қажеттіліктірмен байланысты кез келген қосымша шығыстарын жабуға көмектескен жоқ. Көмек алатын отбасылардың көбі аударымдарды азық-түлікке жұмсады, бұл азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде АӘК маңызды рөл атқарады деп болжауға негіз береді. Алайда отбасылар балаларын балғын жемістер мен көкөністер қосылған толыққанды азықпен тамақтандыра алды деп айту қиын.



Тұрақтылығы: АӘК, соның ішінде оның жұмыспен қамтылумен байланысы келешекте де жалғаса беретіні ықтималды, бұл Үкімет үшін басымды бағыт болып қалады деп күтіледі.

Алынған сабақтар



Ақшалай көмектің құр өзі ғана отбасылар мен балалар кезігетін жоқшылықтарды жеңілдететін құрал емес.



Бағдарламаларды санаттыдан материалдық жағдайға тәуелділікке реформалағанда көмек алушылардың бір бөлігінің, соның ішінде осал топтардың көмек алушылар тізімінен түсіп қалу қаупі бар.




Қолжетімділіктің шектелуін азайту үшін бағдарламаның талаптары түрлі көмек алушылар топтарының қажеттіліктері мен мүмкіндіктері бойынша реттелуі тиіс.



Егер әлеуметтік көмек жұмыспен қамтумен байланысты болса, функционалдылық өңірдегі еңбек нарықтары мен жеке жағдайларға бейімделген нақты шартталған шешімдер арқылы кепілдендірілуі қажет.

Ұсынымдар



Таргеттеудегі қателіктерді азайту үшін АӘК-тің ағымдағы әдісін қайта қарау

Жәрдемақының балалы отбасыларға жеткілікті екендігіне көз жеткізу

Шартты АӘК-тің жұмыспен қамтумен байланысын жетілдіру

Отбасыларға көрсетілетін көмектің анағұрлым жан-жақты болуын қамтамасыз ету үшін әлеуметтік қызметкерлердің біліктілігін арттыру

Интеграцияландырылған әлеуметтік тізілімді енгізу

БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ

Айсұлу Бекмұса
Бала құқықтарын қорғау
секторының жетекшісі
ЮНИСЕФ Қазақстан
abekmussa@unicef.org

Арман Өмірбаев
Әлеуметтік саясат
жөніндегі үйлестіруші
ЮНИСЕФ Қазақстан
aumerbayev@unicef.org